

Келес аудандық білім бөлімі  
№3 «Көркем» бөбекжай бақшасында өткізілген  
жалпы ата-аналар жиналысының

№1 Хаттамасы

Қатысқаны – 100  
Қатыспағаны –

3 - Қыркүйек  
2023 жыл

Күн тәртібінде

1. «Келіңіз танысайық»
2. Ата-аналар комитетін сайлау
3. Бала тәрбиелеудегі өрт ережесін білу.
4. Баланың бас ұстазы – ата-ана.

Сөз алғандар: Ж.Абдикаримова  
(меңгерушісі)  
Л.Оңалбекова  
(шаруа меңгерушісі)  
А.Калмурзаева  
(Әдіскер)

Тындалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз алған балабақшаның меңгерушісі Ж.Абдикаримова, балабақшаға жаңадан қабылданған балалардың ата-аналарын таныстырып, оқу жылының міндеттерімен мақсаттарын айтты.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндеті стандарт талаптары негізінде балабақша жұмысын бірнеше бағыттар бойынша ұйымдастырдық.

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізгі мазмұнын бәсекеге қабілетті, зияткерлік қасиеттері дамыған, негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған оқу, тәрбие жұмыстарын жүргізу.

2. Педагогтың ата-аналармен бірге белгілі мақсатқа қол жеткізу үшін балабақша өміріне қатысуы.

3. Кіші топтарда сенсорлы-дидактикалық ойындарды ұйымдастыру одан әрі дамыту.

4. Балалардың адамгершілік, мінез-құлық нормалары мен ережелері, Қазақстандық қоғамда қалыптасқан халықтық салт-дәстүрлер және тұлғалық білім беруде ізгі қарым-қатынасқа тәрбиелеуді дағдыландыру, - деп өз сөзін аяқтады.

Екінші мәселе бойынша «Ата-аналар комитетін сайлау» мәселесін балабақша меңгерушісі – Ж.Абдикаримова, ата-аналар комитетінің құрамын

қайта сайлаудың қажеті жоқ екенін айтты. Ата-аналар қауымы бір ауыздан қолдады.

Үшінші мәселе бойынша балабақшаның шаруа меңгерушісі Л.Оңалбекова, «Бала тәрбиелеудегі өрт ережесін білу» тақырыбында нұсқау жүргізді.

«Отбасы жағдайында балаларды, электр қондырғыларынан, табиғи немесе газ «баллондардан», түрлі оттықтардан аулақ ұстаңыздар. Балаларды қараусыз қалдыруға болмайды. Техника қауіпсіздігі жайлы бұлдіршіндерге үйде де ақпарат беріп отырыңыздар» деді.

Төртінші мәселе бойынша «Баланың бас ұстазы – ата-ана» тақырыбында балабақша әдіскері – А.Ж.Калмурзаева, баяндады.

Ата-ана сүйіспеншілігі – адам өмірі жақсы болуының, дене және рухани денсаулығының көзі және кепілі. Сондықтан да ата-аналардың бірінші және негізгі міндеті балаға жұрттың оны жақсы көретінін және оған қамқорлық жасалатынына сенімділік тудыру болып табылады. Ешқашан, ешқандай жағдайда баланың ата-ана махаббатынан күдіктенуіне жол беруге болмайды. Ата-аналар міндеттерінің ең табиғиы, ең қажеттілігі – балаға қай жаста болсын сүйіспеншілік таныту, көңіл бөлу.

Баланың жеке басын және мінез-құлық қасиеттерін теріс бағалаудан үзілді-кесілді бас тарту керек. Өкінішке орай, көпшілік ата-аналар үшін: «Неткен ұқпайтын баласың! Саған неше рет айтуым керек», «Сендей бірбеткей, оңбаған баланы туып нем бар еді!», «Сенің орнында бақа біреу болса, айтқызбай-ақ ұға қояр еді!» тағы да басқа деп сөгу үйреншікті әдетке айналып кетті.

Ата-аналар махаббатының шынайы формуласы – бұл «мен сені жақсы болғаның үшін ғана емес, сенің бар болғаның үшін, қандай болсаң да осы қалпыңда жақсы көремін», деп өз сөзін аяқтады.

Жиналыс соңында қаулы қабылданып, шешім шығарылды.

### Шешім:

1. 2023-2024 оқу жылында сайланған ата-аналар комитетінің құрамы өзгеріссіз қалсын.
2. Балабақша шаруа меңгерушісі – Л.Оңалбекова, «Бала тәрбиелеудегі өрт ережесін білу» тақырыбында оқыған нұсқауы ата-аналар тарапынан назарға лынсын.
3. «Баланың бас ұстазы – ата-ана» тақырыбында оқылған баяндама қанағаттанарлық деп табылсын.

Балабақша меңгерушісі:  Ж.Абдикаримова  
Хатшы:  А.Калмурзаева



Келес аудандық білім бөлімі  
№3 «Көркем» бөбекжай бақшасында өткізілген  
жалпы ата-аналар жиналысының

№2 Хаттамасы

Қатысқаны – 100  
Қатыспағаны –

22 - Желтоқсан  
2023 жыл

Күн тәртібінде

1. «Отбасы өзінің салт-дәстүрімен мықты».
2. «Отбасы тәрбие деңгейі» баяндама.
3. «Отбасылық дәстүрлер, олар қандай?» пікір алмасу.
4. «Ұрпақтан ұрпаққа» фотокөрмесі.
5. Жанұялық жәдігерлер туралы іңгімелер.
6. «Күндер айдай жарқырайды».

Сөз алғандар: Ж.Абдикаримова (меңгеруші)  
А.Қалмурзаева (тәрбиеші)  
Г.Полатова (психолог)  
Б.Бұхарбаева (ән жетекші)  
С.Омарова (әдіскер)  
Б.Бұхарбаева (ән жетекші)

Тындалды күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз алған бақшамыздың меңгерушісі Ж.Абдикаримова, былай деді: Отбасы өзінің салт дәстүрімен мықты, отбасы тәрбие деңгейі жөніндегі баяндамасында «Салт-дәстүр қазақтың – сарқылмайтын кенмен тең». Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам мұрагерін тәрбиелеу ісі. Болашағымыздың жеткіншегі әрбір бесіктегі баладан еңкейген қартқа дейін еліміздің ұлтымыздың салт-дәстүрін игеру керек. Негізгі мақсатымыз «Бесіксіз үйде береке жоқ» дегендей балаларға халқымыздың салт-дәстүрін кікентайынан бойына сіңіріп үйрету, қалыптастыру.

Тұсау кесер  
Тоқым қағар  
Бастаңғы  
Ұлттық тағамдар  
Ою-өрнектер  
Киіз үй  
Ұлттық киім  
Үй жиһаздары  
Қонақ күту (туған күн, қонаққа бару)  
Ат қою

Бата жасау (ас қайыру, барлық жағдайда)

Сүйінші сұрау

Бесік жыры

Салт-сана, әрекеттер қағидалар.

Бесікке салу сияқты дәстүрлеріміз көп. Осы халқымыздың салт-дәстүрлерін, эстетикалық сезімді дамыту барысында алға қойылған мақсаттар бойынша бақша ұжымы жүйелі жұмыс жүргізуге атсалысады, - деп бала-бақша меңгерушісі – Ж.Абдикаримова, өз сөзін аяқтады.

Ал екінші мәселе бойынша сөз алған бақшамыздың МАД «Сұңқар»тобының тәрбиешісі – Г.Полатова, «Отбасы тәрбие деңгейі» атты баяндама оқыды. Тәрбие отбасынан басталады. Нәресете шыр етіп жерге, Өмірге келгенен бастап отбасымен өмір сүреді, болған жағдайлардың барлығын көріп өседі. Отбасында үлкендер кішкентайлардың көзінше айғайлап сөйлемей мәдениетті болу керек. Өзіміздің тәлім-тәрбиемізді кішкентайынан бойына сіңіріп үйрету, қалыптасыруымыз керек деп қысқаша өз сөзін аяқтады.

Үшінші мәселе бойынша пікір алмасу «Отбасылық дәстүрлер, олар қандай?» Барлық топ тәрбиешілер пікір алмасу барысында «Отбасылық дәстүрлерді айтып, оларды талқылып өтті».

Төртінші мәселе бойынша «Ұрпақтан ұрпаққа» фотокөрмесі бойынша ән жетекшіміз Э.Иманкулова, сөз алды. Ол сөзінде барлық топтың арасында фотокөрме жинағын жасады. Барлық топтарды жақсы белсене қатысқан әсіресе Ересек,МАД топтардың жасаған фотокөрмесі ерекше болды. Осы бағытта жұмыс жүргізілсе бақшамыз биік шыңдардан көрінері анық деп өз сөзін аяқтады.

Бесінші мәселе бойынша жанұялық жәдігерлер туралы әңгімелер А.Калмурзаева, көп сөйледі. Барлық топта балалар өздерінің бұрыннакеле жатқан, ата-бабаларымыздың асыл мұрасын сақтап, қадірлеп қастерлеп ұрпақтан ұрпаққа жеткізуге тәрбиелеуіміз керек. Сол асыл мұраның қасиеті екенін ұғындырып сезімдерін дамыту барысында алға қойылған мақсаттар бойынша бақша ұжымы жүйелі жұмыс жүргізуге ат салысады деп сөзін аяқтады.

Алтыншы мәселе бойынша бақшаның ән жетекшісі Э.Иманкулова, «Күндер айдай жарқырайды» байқау өткізгені жайында сөз алды. Байқауда барлық топтар жақсы қатысты. Балалар белсеніп сурет салды. Ересектер, МАД тобында ерекше салған балаларға кішкене сыйлық берілді.

#### Шешімі:

1. «Отбасы өзінің салт-дәстүрімен мықты» құнды деп табылсын.
2. «Отбасы тәрбие деңгейі» баяндамасы қанағаттанарлық деп табылсын.
3. «Отбасылық дәстүрлер олар қандай?» пікір алмасу қанағаттанарлық деп табылсын.
4. «Ұрпақтан – ұрпаққа» фотокөрмесі әрқашан жүргізіліп отырылсын.
5. Жанұялық жәдігерлер туралы әңгімелер айтылып отырылсын.

6. «Күндер айдай жарқырайды» байқауы жүргізіліп отырылсын. Оны қадағалау әдіскер С.Омароваға жүктелсін.

Ата-аналар ұйымының төрайымы:

Б/б меңгерушісі:

Хатшы:



А.Этахунов

Ж.Абдикаримова

А.Калмурзаева

Келес аудандық білім бөлімі  
№3 «Көркем» бөбекжай бақшасында өткізілген  
жалпы ата-аналар жиналысының

№3 Хаттамасы

Қатысқаны – 90

Қатыспағаны –

24- Мамыр

2024 жыл

Күн тәртібінде

1. «Ойын ойнағананның ойы жүйрік».
2. Ата-ана балалармен ойнай отырып тәрбиелеу жолдары .
3. Баланы жан-жақты дамытудағы тиімді жолдары.
4. «Біз мектепке дайынбыз». Біз мектепке барамыз.

Сөз алғандар:    Ж.Абдикаримова  
                          (б/б меңгерушісі)  
                          А.Ж.Калмурзаева  
                          (б/б әдіскері)  
                          С.Отыншиева  
                          (б/б тәрбиешісі)  
                          Э.Иманкулова  
                          (б/б ән жетекшісі)

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Ж.Абдикариова, жиналысты ашық деп жариялап, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе «Ойын ойнағананның ойы жүйрік» тақырыбында баяндама оқыды.

Ойын – тәрбие берудегі ең тиімді тәсілдерінің бірі. «Балабақшада тәрбие беру бағдарламасында» баланың денесі мен психикалық жетілуі, жеке басының дамуы үшін ойынның үлкен маңызы бар. Бала ойыны арқылы күш-жігерін жаттықтырып, қоршаған заттар мен құбылыстардың ақиқат сырын ұғынып, еңбек дағдысына үйрене бастайды, яғни болашақ ұрпақтың тәрбие жолы тәлімдік ойннан басталады. Ойын мектепке дейінгі балалар үшін – айналаны танып, білу тәсілі, – деді.

Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері А.Калмурзаева, «Ата-ана балалармен ойнай отырып тәрбиелеу жолдарын баяндады.

Бала тәрбиесі ана сүтінен басталып, өмір бойы қалыптасатын құбылыс. Бала тәрбиесінің ең алғашқы отбасында қаланып, балабақшамен байланыс арқылы одан әрі жалғасады. Әрбір ата-ана бала тәрбиесіне ерекше мән беруі қажет, еліне пайдалы, адамгершілігі мол азамат етіп тәрбиелеуге міндетті.

Әкесінің ақылын, анасының әлдиін естіп өскен әрбір қазақ баласы үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете алады» - деп өз сөзін аяқтады.

Үшінші мәселе «Баланы жан-жақты дамытудағы тиімді жолдар» тақырыбында тәрбиеші С.Отыншиева баяндама оқыды.

Бала жүрегі – кішкентай күй сандық. Ол сандықтың кілтін тапсаң ғана ашылады. Тәрбиешінің қолында әр кезде сол кілт жүруі керек,- деп М.Шаханов босқа айтпаған.

Мектепке дейінгі тәрбие және білім беру – білім беру жүйесінің бірінші деңгейі, ол баланың жасжәне жеке ерекшеліктерін ескере отырып, жеке басын қалыптастыруды дамытуға жағдай жасайды.

Бала тәрбиесі әр уақытта да жан-жақтылықты, жүйелілікті талап ететін үлкен мәселе болып саналады. Осыған байланысты мектепке дейінгі тәрбие берудің тиімділігі мен сапасын арттырудың негізгі бағыты – барлық істе баланы жеке тұлға деп танып біліп, жан-жақты қалыптастыру.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша балабақшаның педагог-психологы – Э.Кунакова, МАД топ балаларының мектепке кетуін баяндады.

МАД «Сұңқар» тобы мектепке кетуіне байланысты «Қош бол, балабақшам!» ертеңгілігі ұйымдастырылады.

Балалардың жыл бойы білім біліктерінің, ой-өрістерінің жемісін, өнерін ортаға сла отырып, балаларды үлкен өмірге қадам басуға даярлау. Адамгершілікке, достыққа, бауырмалдылыққа тәрбиелегенін көрсету.

Жиналыс соңында қаулы қабылданып, шешім шығарылды.

#### Шешім:

1. «Ойын ойнағанның ойы жүйрік» тақырыбында оқылған баяндама жақсы деп бағаланып, оқу-тәрбие барысында қолданылсын.
2. Ата-ана балаларымен ойнай отырып тәрбиелеу жолдары тақырыбында оқылған баяндама қанағаттанарлық деп бағаланып, балаларды тәрбиелеуде негізге алынсын.
3. Тәрбиеші С.Отыншиеваның оқыған «Баланы жан-жақты дамытудағы тиімді жолдары» баяндамасы құнды деп табылсын.
4. МАД «Сұңқар» тобында «Қош бол балабақшам!» ертеңгілігі ұйымдастырылсын. Іс-шарасын жасап, қадағалау әдіскер А.Калмурзаеваға жүктелсін.

Балабақша меңгерушісі:

Хатшы:

Ж.Абдикаримова

А.Калмурзаева

